

С.М. Жақыпов, Н.Қ. Тоқсанбаева

ПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ



Оқу құралы

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Қазақ ұлттық университеті
Педагогикалық ғылымдар факультеті, Педагогика кафедрасы және
Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі

Қызыл кітап
Қызыл кітап
Қызыл кітап
Қызыл кітап

Жақыпов С.М., Токсанбаева Н.Қ.

Ж 21 Психологияны оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы:
Қазақ университеті, 2013. – 191 б.

ISBN 978-601-247-992-8

Оқу құралында психологияны оқытудың әдістері мен теориялары, оқу іс-әрекеті, дамыта оқыту, белсенді оқыту жүйесі, сондай-ақ студенттердің психологиялық кәсіби қорының бағыттылығын қалыптастыруға белсенді әдістерді қолдану негізіндегі сабақтардың барлық тәжірибие түрлері (дәріс, семинарлар, тәжірибие және зертханалық сабақтар), тәжірибелік іс-әрекеттегі теориялық білім қарастырылған.

Оқу құралы жоғарғы оқу орындары мен колледждің студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне, психологтарға арналған.

ӘОЖ 159.9(07)
КБЖ 88 я 7

ISBN 978-601-247-992-8

© **Жақыпов С.М., Токсанбаева Н.Қ., 2013.**
© **Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013**

АЛҒЫ СӨЗ

Еліміз Егемендік алып, Тәуелсіз мемлекет ретінде дүние-жүзілік қауымдастыққа танылып, жаңа демократиялық қоғамның дүниеге келуі, Қазақстанда психология ғылымының жаңа бағытта сипат алуына кең жол ашып отыр. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, ақыл-ой, мәдени дамуының жоғарғы деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған оқыту мен тәрбие берудің үздіксіз процесі», – деп атап көрсетілген. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескере отырып, студенттің білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымын, өмірлік мақсат-мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу – оқу орындары тіршілігіндегі осы үздіксіз тәрбие процесінің ғана жемісі болмақ.

2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында республиканың әлемдік білім кеңістігіне енуін ескере отырып, оқытудың мазмұны мен барлық әдістемелік жүйесін қайта қарау қажеттілігі, сондай-ақ оқыту жүйесінің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің міндеттері атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі саясатының мақсаты – жан-жақты, білімді, шығармашылық қабілетті, танымдық белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Дарынды, білімді жастар ғана егемендігіміздің ертеңін баянды етіп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қоса алады. Осыған орай, қазіргі кезеңдегі жоғары оқу орындарында психологияны оқыту әдістемесін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру – оқу процесін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.